

УДК 327

С. Сайлауқызы,
Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы
Мемлекеттік басқару академиясы
Дипломатия институтының директоры,
тарих ғылымдарының кандидаты

ӨЗ ЕЛІНІҢ ДИПЛОМАТЫ: ӘБУТӘЛІП ІБІЖАНҰЛЫ АХМЕТОВ ТУРАЛЫ. «ҚАЗІРГІ ЗАМАН ҚАЗАҚ ДИПЛОМАТИЯСЫНДАҒЫ ТҰЛҒАЛАР» АТТЫ ҒЫЛЫМИ ЖОБА АЯСЫНДА

Аңдатпа

Мақалада Дипломатия институтында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жандандыру және «Қазақ дипломатиясының тұлғалары» туралы мәселе көтеріледі.

Тірек сөздер: дипломатиялық қызмет, ғылыми-зерттеу жобасы, біліктілікті арттыру, дипломатиялық кадрларды даярлау.

Аннотация

В статье рассматриваются вопросы активизации научно-исследовательской работы в Институте дипломатии и научного проекта «Казахская дипломатия в лицах».

Ключевые слова: дипломатическая служба, научно-исследовательский проект, повышение квалификации, подготовка дипломатических кадров.

Abstract

The article describes the intensification of research and scientific work at the Institute of Diplomacy and project «Who is who in Kazakh diplomacy».

Key words: diplomatic service, research project, training of diplomatic personnel.

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының (бұдан әрі – Академия) Дипломатия институты (бұдан әрі – Институт немесе ДИ) соңғы екі жылы магистранттар мен докторанттарды ғылыми-зерттеу жұмысына белсенді қатыстыру, ғылыми кадрлардың сабақтастығын қамтамасыз ету, білім мен ғылымды интеграциялау мақсатында ғылыми жобаларды жандандыру істеріне ерекше көңіл аударып келеді.

Ғылыми-іздену бағытындағы жұмыстар Қазақстан Республикасы Президенті – Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсанда Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан – 2050» стратегиясында «Жоғары оқу орындары білім беру қызметімен шектеліп қалмауы тиіс. Олар қолданбалы және ғылыми-зерттеушілік бөлімшелерін құруы және дамытуы қажет. Біз академиялық автономия кепілдігін берген жоғары оқу орындары тек оқу бағдарламаларын жетілдірумен шектелмей, өздерінің ғылыми-зерттеушілік қызметін де белсенді дамытуы тиіс» деген тапсырмасымен сабақтасып тұр [1].

Институтта жоғары білікті дипломатиялық кадрларды даярлау және қалыптастырумен қатар халықаралық қатынастар саласындағы мамандарды ғылыми-ізденуге ынталандыру үшін диссертациялық жұмыстардың тақырыптарын Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігімен (бұдан әрі – ҚР СІМ) келісіп, халықаралық сахнадағы өзекті мәселелерді зерттеу және ғылыми жобаларды іске асыру арқылы жүргізіледі.

Осы тұрғыда Дипломатия институты ҚР СІМ және Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетімен бірлесіп, 2013 жылғы маусымда көрнекті қазақ дипломаты Нәзір Төреқұлұлының 120 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясын ұйымдастырды.

Дипинститут пен ҚР СІМ-і Академияның «Мемлекеттік қызмет және мемлекеттік басқару» атты 2013 жылғы 2-ші нөмірін «Жаһандану әлеміндегі Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты» және 2014 жылғы 2-ші нөмірін «Сапалы ұлттық дипломатиялық кадрларды даярлау – дәйекі сыртқы саясат жүргізудің кепілі» тақырыптарына бірлесе әзірлеп, басып шығарды.

Сонымен қатар, Академияның 2013–2015 жылдарға арналған Ғылыми-зерттеу жұмыс жоспары бойынша Институт үш жобаны жүргізіп келеді:

- 1) Қазіргі заман қазақ дипломатиясындағы тұлғалар,
- 2) Жаһандық әлемдегі Қазақстан және тәуелсіз мемлекеттің сыртқы саяси басымдықтары,

3) Мемлекеттік қызметшілерді даярлау саласындағы тілдер мен аударма; теория мен практика.

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрі болып екінші мәрте тағайындалған Ерлан Әбілфайызұлы Ыдырысов Дипломатия институтында кадрларды даярлау және біліктілікті арттыру жұмыстарына ерекше назар салып, 2013 жылғы қаңтарда Институт басшыларымен кездесті.

Кездесуге себептер жеткілікті болды: Дипломатия институтының тиімділігін арттыру қажеттігі тұрды, ҚР СИМ-нен Институтқа оқуға түсушілер саны азайып, сапасы күрт түсіп кетті. Соның салдарынан арнайы дипломатиялық мектеп қажеттігі туралы сауал көтеріле басталды. Әрине, оған объективті себептер кері әсер етті:

1) ҚР СИМ өзінің қызметкерлерін Академияға даярлауға және біліктілігін арттыруға жолдаған кезде, дарын менеджментіне талдау жүргізіп, яғни үздік қызметкерлерін ынталандыру және марапаттау ретінде іріктеп жібермейді.

2) Академияның Дипломатия институтын бітірген түлектер ҚР СІМ-ге жұмысқа қайта орналаса алмай, ұзақ уақыт жүріп қалады. Академияда білім алу аяқталған соң жұмыс орнының сақталуына кепілдік жоқ. Дипломатия институтын бітіргендердің жұмысқа орналасу көрсеткіші Академияның басқа Институттарын бітіргендерге қарағанда көп төмен.

1997 жылы ҚР СИМ-і жанындағы Дипломатия академиясы есігін ашып, бірінші оқу жылын жария еткен кезде кәдімгідей конкурс болып, 30 шақты адам оқуға түсетін. Дипломаттар арасында Институт мәртебесі бара-бара төмендеп, 2012 оқу жылы Дипломатия институтының контингенті не бары 10 адамды құрады, оның 3-уі ғана ҚР СИМ-нің қызметкерлері болды.

Министрмен кездесудің нәтижесінде ДИ мен ҚР СИМ бірқатар жұмыстар атқарып, 2013 жылы оқуға 18 адам түсті, оның 10-ы ҚР СИМ-нен жолдамамен келді. Сонымен қатар, Дипломатиялық кадрларды даярлау мен біліктілікті арттыру ісінің маңыздылығын ескере отырып, ҚР СИМ-і ДИ мәселесін Қазақстан Республикасы Президентті Әкімшілігі басшысы деңгейіне көтеріп, 2013 жылғы желтоқсанда Институттың тиімділігін арттыру бойынша келесідей бірқатар тапсырмалар берілді:

1. 2014–2015 оқу жылы Академияның Дипломатия институтында «Халықаралық құқық» мамандығын ашу.

2. Академия Дипломатия институтының «6M020200 – «Халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша бітіретін түлектерге «Гуманитарлық ғылымдар магистрі» академиялық дәрежесінің орнына «Халықаралық қатынастар магистрі» дәрежесін беру.

3. Жаңадан тағайындалған Төтенше және Өкілетті Елшілер үшін Жоғарғы дипломатиялық курстар өткізу.

4. Дипломатиялық қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып [4], дипломатиялық кадрларды даярлау және біліктілікті арттыру тәртібін реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының дипломатиялық персоналды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру туралы ережесін Елбасының Жарғысы ретінде арнайы нормативтік-құқықтық актіні қабылдау және т.б.

Министр Е. Ыдырысовтың тағы бір берген ұсынысы Дипломатия институты профессор-оқытушылар құрамының жадына ерекше қонды. Ол қазіргі заман қазақ дипломатиясының тарихын зерттеу мен насихаттау үшін Дипломатия институттың тыңдаушыларын ғылыми-зерттеу жұмысына белсенді тарту қажет деген тапсырма айтты.

Осы жерде Министр Е. Ыдырысов XIX ғасырдағы белгілі француз дипломаты Жюль Камбонның мына сөзін келтірді: «Тарихшылар дипломаттардың даңқын, солдаттардың даңқындай шығара бермейді, кейбіреулері олардың (автордан – дипломаттардың) атын тек атап қана өтеді». Расында, бұқаралық ақпарат құралдарында немесе оқулық, кітаптарда дипломаттар туралы тарихи деректер немесе ақпараттар өте аз жазылады. Әсіресе, КСРО құлдырауы мен еліміздің Тәуелсіздік алар-алдындағы дипломаттардың ерен еңбектері тарихтан тыс қалып отыр. Ал кейбір бүгінгі жас дипломаттар өкінішке орай, Қазақ КСР қашан құрылды, Қазақстан Тәуелсіздігін қашан алды деген қарапайым сұрақтарға жауап бере алмайды немесе «Егемендік» пен «Тәуелсіздік» деген ұғымдарды ажырата алмайды. Бұл жас буын дипломаттарды Қазақстан мен қазақ дипломатиясы тарихын қайта даярлау курстарында терең оқытуды, ғылыми-зерттеу жұмыстарына тартуды қажет етеді. Аталған жұмыстар жоғары білікті және отан сүйгіш ұлттық кадрларды даярлауға септігін тигізетіні анық.

«Қазіргі заман қазақ дипломатиясындағы тұлғалар» атты жобаның негізгі мақсаты – танымал және танымал емес, бірақ кәсіби дипломат ретінде қазақ дипломатиясы тарихына үлес қосқан

қазақ дипломаттарының есімдерін тарихта қалдыру. Өмірлерінің ұзақ мерзімін дипломатиялық қызметке арнаған профессионалдардың портреттер жинағын жасауға мүмкіндік бар.

Жоғарыдағыны ескере отырып, кәсіби дипломат, қарапайым азамат және құрметті әріптесіміз Әбутәліп Ібіжанұлы Ахметов туралы ой салғым келеді. Тағдыр солай болар, Қазақстанның Тәжікстандағы Елшісі жоғары лауазымында жүріп, Ә. Ахметов кенеттен қайтыс болды. Әрине, отбасына жұбаныш сөздерді айтып жеткізу мүмкін емес.

Көп жылдан бері дипломатия саласында тынымсыз еңбек етіп, Ә. Ахметов Қазақстанның сыртқы саясатын жемісті ілгерілету және халықаралық сахнада мүддесін қорғау ісінде белес-биіктерден өткен жігерлі азамат. Бойындағы еңбекке адал, мақсатқа берік қасиеттерінің арқасында Отандық дипломатияда алдыңғы қатардан орын алды. Лайықты ізбасарлар тәрбиеледі. Шәкірттері және әріптестері оны ақылман басшы, іскер ұйымдастырушы, ақжүрек азамат ретінде ерекше бағалап, құрмет тұтады.

Әбутәліп Ібіжанұлы отандық дипломатияның ең басында тұрған азаматтардың бірі. 1970 жылы Кеңес армиясында борышын атқарып келген соң Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтына оқуға түсті. Оқуды озық бітіріп, 1977 жылы Түркия Республикасына аудармашы болып бірінші шетелдік іс-сапарға барады. 1981 жылы Қазақ Достық және мәдениет қоғамында Шетелдік байланыс қызметінде жұмыс істейді. Қазақ КСР Сыртқы істер министрлігі жүйесіне 1982 жылы қызметке кіреді [2].

Қазақстан Тәуелсіздігін жария етер алдындағы жылдары халықаралық сахнада, әсіресе КСРО кеңістігінде ірі саяси үдерістер жүріп жатты. Елімізге халықаралық қатынастар саласындағы білікті және тәжірибелі мамандар тығыз қажет болды. Осыған сәйкес Ә.Ахметов 1989 жылы кәсіби қайта даярлаудан өту үшін КСРО Дипломатиялық академиясына тағылымдамаға жіберіледі. Ол түрік, француз, вьетнам және ағылшын тілдерін жетік меңгереді. 1990 жылы КСРО-ның Вьетнамдағы елшілігінде Екінші хатшы лауазымында қызметін атқарып, Қазақстанға оралды.

1992 жылдан бастап Ә.Ахметов еліміздің сыртқы саясат ведомствосы жүйесінде түрлі бағыттарда қызмет атқарады. Ұзақ жылдар бойы жемісті басшылық етті: Баспасөз және ақпарат бөлімінің басшысы, Қазақстанның Түркиядағы Елшілігінің кеңесшісі, Таяу және Орта Шығыс елдері басқармасының бастығы, Орталық аппаратта департамент директорының орынбасары, кейіннен директоры, Қазақстанның Мешхед қаласындағы (Иран) Бас консулы, ТМД мәселелері бойынша комитет төрағасының орынбасары, Қазақстанның Стамбұл қаласындағы (Түркия) Бас консулы. Еңбегі мен біліктілігінің арқасында Қазақстанның Тәжікстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі лауазымына дейін көтерілді.

Ә.Ахметов ТМД мәселесі бойынша комитет төрағасының орынбасары болып отырған кезінде оның алдына жас дипломат ретінде құжаттарды келісу үшін талай бардық. Бастық болып зіркілдемей, қарапайым адам және тәлімгер әріптес ретінде қорқынышымызды басып, ақылын айтып, жылы қабылдауы есімде қалыпты.

2004 жылы Қазақ-египет екіжақты үкіметаралық комиссия төрағасы – Мәдениет министрі Д.Қасейінов бастаған, комиссия мүшелері болып Денсаулық сақтау министрі Е.Досаев, Еңбек және әлеуметтік қорғау министрінің сол кездегі орынбасары Г.Әбдіхалықова кірген үлкен делегация Стамбұл арқылы Мысырға бара жаттық. Дипломаттарға мәлім, Мәскеу, Стамбұл, Франкфурт, Үрімші сияқты ірі қалаларда консулдардың жұмысы ерекше ауыр болады. Соған қарамастан, Ә.Ахметов әр қазақстандық делегацияға көңіл бөліп, қарсы алып-шығарып салып, қарамағындағы жас дипломаттарға қазақстандық азаматтарға шет елде көмек көрсету қажет деп тәрбие беріп жүрді. Сол желтоқсанның жаңбырлы күні де Стамбұлдың әйгілі және тарихи орындарына уақыт тығыздығына қарамастан, апарып көрсетіп үлгерді.

2010 жылы Тәжікстанның өтініші бойынша Ислам Ұнымақтастығы Ұйымы Сыртқы істер министрлерінің 37-ші кеңесін (бұдан әрі – ИЫҰ СИМК) өткізуге Қазақстан өз кандидатурасын қайтарып, 38-ші СИМК өткізуге келісімін берді. Себебі, 2010 жылы Қазақстан Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымында (бұдан әрі – ЕҚЫҰ) төраға ретінде Астанада 56 мүше-мемлекеттердің саммитын өткізуге дайындалып жатты. Онымен бірге Қазақстан ИЫҰ СИМК-і төрағалығының басымдықтарын пысықтау қажет еді. Жұмыс өте көп болды, Қазақстанның Сыртқы істер министрі Қ.Саудабаевтың Тәжікстанға сапары ЕҚЫҰ іс басындағы төрағасы ретінде ресми сапар түрінде ұйымдастырылды. Сонымен қатар, Қазақстан болашақ төраға ретінде ИЫҰ Атқарушы комитетіне мүше болып кірді (Атқарушы комитетке ИЫҰ СИМК бұрынғы төраға, қазіргі төраға және болашақ төраға кіреді). Ол СИМК жұмысы барысында қабылданатын

саяси, экономикалық және мәдени салалардағы қарарларды пысықтауға жауапты болу. Осы күндері Ә.Ахметов Елшілік ұжымының жұмысын ұйымдастырып, Тәжікстан Сыртқы істер министрлігі Протокол қызметімен қоян-қолтық жұмыс істеп, ИЫҰ 37-ші сессиясы барысында Қазақ делегациясының мәртебесін жоғары деңгейге көтерді. Қазақстан Сыртқы істер министрі Тәжікстан Президенті Э. Рахмоновтан кейін 57 мүше-мемлекеттің Сыртқы істер министрлері ішінде 2-ші болып сөз алды. Орталықтың Елшілік алдына қойған міндеттерін атқарып, ресми сапар протоколдық және мазмұндық жағынан нәтижелі болды.

Отанымыздың мүддесін қорғауға сіңірген еңбектері үшін Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хатымен, Сыртқы істер министрлерінің құрмет грамоталарымен, «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл», «Қазақстан Конституциясына 10 жыл», «Астананың 10 жылдығы» медальдарымен наградталды. Енді ҚР СІМ-і қайтыс болғаннан кейін отандық дипломатиялық қызметтегі еңбектері үшін Ә. Ахметовке «Қазақстан Республикасының сыртқы саясатына қосқан үлесі үшін» Нәзір Төрекұлов атындағы медаль немесе «Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметінің еңбек сіңірген қызметкері» құрметті атағын беру мәселесін қарастыруы абзал болар еді.

Ә. Ахметов зейнетке шыққан аға дипломаттарға да ерекше көңіл бөліп, құрметі мен сыйын көрсете білді. Абзал азамат, ғибраты мол дипломат Әбутәліп Ібіжанұлының жарқын бейнесі еліміздің дипломатия тарихында және дипломат әріптестерінің жадында әрдайым сақталады.

Дипломатия институтының профессорлық-оқытушы құрамы мен тыңдаушылары «Қазіргі заман қазақ дипломатиясындағы тұлғалар» атты энциклопедиялық анықтамалыққа кіретін кәсіби дипломаттардың өмірлері мен еңбектерін зерттеп, ҚР СІМ-нің архивіндегі құжаттармен танысу арқылы ғылыми-іздену жұмыстарын ілгерілете алады. Осы бастаманы Сыртқы істер министрлігі қолдап, игі іске белсенді ат салысуда.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 *Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан – 2050» стратегиясы «Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты».* Астана, 2012 жылғы 14 желтоқсан.
- 2 *Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің деректері.*
- 3 *Қазақстан Республикасының 2014–2020 жылдарға арналған сыртқы саяси тұжырымдамасы.*
- 4 *Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы ҚР Заңы. – 2002 жылғы 7 наурыз. – № 299-II.*